

Қазақстан Республикасында жекешелендіруді қолдауға бағытталатын қаражатты жұмсау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1994 жылғы 20 наурыз N 1611. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Мемлекеттік меншікті жекешелендіруден келіп түсетін қаражатты тиімді пайдалану және Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға /II кезең/ арналған Ұлттық бағдарламасын қолдау мақсатында қаулы етемін:

1. Жекешелендіруді қолдауға бағытталатын қаржы үлесі мемлекеттік меншікті /мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындарынан басқаларын/ жекешелендіруден республикалық бюджетке келіп түсетін қаражаттың проценттік арақатынасына қарай мөлшерленеді деп белгіленсін.

2. Инвестициялық жобалар осы аталған қаражат есебінен экономикалық сараптан өткізілгеннен кейін қаржыландырылады деп белгіленсін.

Инвестициялық жобаларды сараптан өткізу жөнінде тапсырыс берушілер - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен инвестициялық қаржы алушы кәсіпорындар.

3. Осы қаулыны жүзеге асыру жөніндегі жұмыс органы болып Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жекешелендіру қоры белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жекешелендіру қоры техникалық-экономикалық негіздемелерге, жобалар мен бағдарламалар тиімділігінің есептеріне /бизнес-жоспарларға/ және инвестициялық қаражат алу үшін қажетті басқа да құжаттарға негізгі талаптарды бір ай мерзім ішінде әзірлесін.

5. Қазақстан Республикасында жекешелендіруді қолдауға бағытталатын қаражатты жұмсаудың тәртібі туралы Ереже бекітілсін /қоса беріліп отыр/.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

1 9 9 4 ж ы л ғ ы 2 0 н а у р ы з

№ 1 6 1 1 қ а у л ы с ы м е н

Бекітілген

**Қазақстан Республикасында жекешелендіруді қолдауға
бағыттталатын қаражатты жұмсаудың тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ**

Осы Ереже Қазақстан Республикасында Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға /II кезең/ арналған ұлттық бағдарламасына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасында жекешелендіруді қолдауға бағыттталатын қаражатты жұмсаудың тәртібін б е л г і л е й д і .

1. Жекешелендіруді қолдауға бағыттталатын қаражат мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру процестеріне, түрлі салаларда бәсекелестіктің дамытылуына, экономиканың құрылымдық жағынан қайта бағдарлауына және республиканың экспорттық әлеуетінің арттырылуына жәрдемдесуге тиіс.

2. Аталған қаражат қайтарымсыз негізде:

Қазақстан Республикасында Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға /II кезең/ арналған ұлттық бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі шығысқа /жарнамаға, әдістемелік әдебиет шығаруға жұмсалатын шығын, аукциондар мен тендерлер өткізуге байланысты шығыс/;

жекешелендіруге жататын кәсіпорындарды санациялауға, сондай-ақ оны жүзеге асырудың орындылығын экономикалық сараптауға;

жекешелендіру бағдарламасы шегінде жобаларды экономикалық сараптау жұмыстарын қаржыландыруға;

кәсіпорындарды жекешелендіруден кейінгі кезеңде қолдауға бөлінеді.

3. Қаржы министрлігі жоғарыда аталған қаражатты әр айдың 30-да Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің е с е п ш о т ы н а а у д а р а д ы .

4. Жекешелендіруді қолдауға бағыттталатын қаражатты жұмсау туралы шешімді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жекешелендіру қорының / бұдан әрі - Қор/ ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп қабылдайды.

5. Ұсынылатын жобаларды қабылдау мен қарауды, инвестиция объектілері мен бағытын таңдауды, тәуелсіз сарапшылар тартуды жүзеге асыратын жұмыс о р г а н ы - Қ о р .

6. Министрліктер, ведомстволар, кәсіпорындар және басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер аталған қаражатты алу туралы ұсыныстарды Қорға мерзімінде және қабылданған нысандар бойынша жасап, мына материалдарды:

белгіленген ретпен бекітілген техникалық-экономикалық негіздемелерді, жобалар мен бағдарламалар тиімділігінің есептерін /бизнес-жоспарларды/, аудиторлық анықтаманы және басқа да негіздеуші материалдарды тапсырады.

Құжаттар берілген кезінен бастап 30 күннен аспайтын мерзім ішінде қ а р а л а д ы .

7. Экономикалық сарапты қаржыландыру тапсырысшы мен тәуелсіз сарапшы арасындағы шартты негізде жүзеге асырылып, шығын инвестициялық жобалардың құнына, ал жеке жобалар бойынша жекешелендірілген жағдайда - объектілердің құнына жатқызылады.

8. Аталған қаражат есебінен қаржыландырылатын инвестициялар жөніндегі бухгалтерлік есеп республикалық бюджет есебінен бөлінетін күрделі қаржы үшін белгіленген ретпен дайындалып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне беріледі.